

«АСТАНА МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ
ОРТОПЕДИЯЛЫҚ СТОМАТОЛОГИЯ МЕН БАЛАЛАР СТОМАТОЛОГИЯСЫ
КАФЕДРАСЫ

СӨЖ

Тақырыбы: Ауыз қуысының жеке басының тазалығы. Ауыз қуысының кәсіби тазалығы

Орындаған: Мұқатай А.

301 стом

Тексерген: Орынбаева Б.Ш

Астана, 2016 жыл



ЖОСПАР:

- Кіріспе.

- Негізгі бөлім:


- Ауыз қуысының жеке гигиенасы. Негізгі, қосымша құралдары.

- Тіс тазалаудың стандартты әдісі.

- Кәсіби гигиена. Жіктелуі.

- Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер



Ауыз қуысының гигиенасы — ауыз қуысының мүшелерінің жағдайына және стоматологиялық ауыршандыққа қарамастан барлық адамдар арасында жүргізілетін басты профилактикалық іс — шара, сонымен қатар адам жеке басының гигиенасының маңызды бөлімі.

Ауыз қуысының гигиенасы өзінде профилактикалық этиотропты және патогенетикалық механизмдерін қамтитындықтан бағалы, өйткені гигиеналық негізгі мақсаты тіс жегі мен пародонт ауруларының негізгі этиологиялық факторы саналатын тіс қағын химико- механикалық жолмен жою болып табылады.

Ауыз қуысы гигиенасы

Жеке

Кәсіби

Ауыз қуысының жеке гигиеналық күтімін жүзеге асыру үшін көптеген құралдар қолданылады. Қазіргі кездегі технологиялар, бұрын пайдаланған құралдарға карағанда, жаңа, анағұрлым тиімді ауыз қуысының гигиеналық күтіміне арналған құралдар дайындауға мүмкіндік береді.

Ауыз қуысының жеке гигиенасының құрал заттары:

Негізгі заттар:

- тіс щеткалары;
- тіс сықпалары.

Қосымша заттар:

- тіс тазартқыштар;
- тіс жіптері (флосстар);
- тіс стимуляторлары;
- ершиктер;
- ирригаторлар;
- тілге арналған щеткалар;
- электрлік тіс щеткалары;
- сұйық заттар.

Тіс және қызыл иек беткейінен тіс қағын механикалық жою тіс щеткасының көмегімен жүргізіледі. Тіс щеткасын қажетіне сай қолдана отырып, максимальды эффектілі мақсатпен ойдағы нәтижеге жету үшін щетканы таңдағанда өлшеміне, формасына, стоматологиялық және гигиеналық дәрежесіне көңіл бөлген жөн.

Көп жылдар бойы табиғи талшықтардан құралған тіс щеткалары қолданылып келді, тек соңғы жылдары синтетикалық талшықтан (нейлон, сетрон, перлон, дерлон, полиуретан және т.б) жасалған тіс щеткалары жиі кездеседі.



ЩЕТКАНЫҢ ТҮРІ БОЙЫНША:

Табиғи

Синтетикалық



ЩЕТКАНЫҢ ҚАТТЫЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ:

- Өте жұмсақ ($d=0,15-0,18$ мм);
- Жұмсақ ($d=0,2$ мм-ге дейін);
- Орташа қаттылық($d=0,22$ мм-ге дейін);
- Қатты($d=0,24$ мм-ге дейін);
- Өте қатты($d=0,26$ мм-ге дейін).

ЖҰМЫС БӨЛІГІНІҢ ӨЛШЕМІ БОЙЫНША:

- Балаларға арналған;
- Жасөспірімдерге арналған;
- Ересек адамдарға арналған;
- Арнайы тағайындалған.



Іске қосу әдісі бойынша:

- Мануальды;
- Автоматты.




Өте қатты және қатты тіс щеткаларын дұрыс емес қолданған кезде қызыл иек пен тістің қатты тінін зақымдауы мүмкін. Орташа қатты және жұмсақ тіс щеткалары қолдануға ыңғайлы және талшықтары иілгіш, тіс аралық кеңістікке жеңіл өтеді. Тіс тазартудан ең эффектілі болып орташа қаттылықтағы щеткалар саналады, өйткені олардың талшықтары иілгіштеу; сондықтан бұндай щеткалар тісаралық аралықтарға, фиссураларға оңай еніп, қызылиектің жүлгені сапалы тазартады. Жұмсақ тіс щеткалары сүт тістерді тазартуға арналған, сонымен қатар парадонт ауруларының және ауыз қуысы шырышты қабатының қабыну аурулары бар науқасқа қолдануға кеңес беріледі (ұсынылады).

Қатты талшықты тіс щеткасын минералды және бейминералды тіс қалдықтарының пайда болуына жоғарғы тенденциясы бар науқастарға қолданған дұрыс.

ТАҒАЙЫНДАЛУЫА ОРАЙ:

- ▣ **Стандартты (гигиеналық)** – тісті әдеттегідей күнделікті тазарту үшін қолданылады.
- ▣ **Профилактикалық (пародонтологиялық)** – ретромоллярлық аймақ сияқты қиын тазартылатын жерлерді тіс қақтарынан және ас қалдықтарынан тиімді тазартуға мүмкіндік береді. Оларға қылы көп деңгейлі, қылында күш салатын шығыңқысы бар, қылының ортасы тереңдетілген, қылында микротекстурасы бар щеткалар жатады.
- ▣ **Арнайы** – ортодонтияда пайдалануға арналған.



Тіс щеткасының негізгі қызметінің бөлігі басы болып табылады. Ертеде көбіне үлкен басты тіс щеткалары жиі қолданылған, ал қазір кіші басты щеткалармен тісті жуу дұрыс деп есептелінеді, өйткені олар ауыз қуысында оңай қозғалып, ауыз қуысының алшақ бөлімдерін сапалы тазартады. Талшықтардың түйіндерінің арасындағы ең оптимальді ара қашықтық – **2,2 – 2,5 мм**. Параллельді түйіндерді отырғызу ең ыңғайлы, әрі қарапайым болып саналады. Шетелде қолданылатын жұпты бағыттағы түйінді отырғызу (V – бейнелі) параллельді отырғызудан еш артықшылыққа ие емес.

Егер тіс щеткасының бас бөлігі екі, үш тісті қамтыса, бұл сапалы тазалыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Тіс щеткасының жұмыс істеу бөлігі кіші жастағы балалар үшін (1-6 жас) -**18 мм.**, үлкен жастағы балаларға (7 жастан жоғары) – **22 мм.**, жасөспірімдер үшін (9 жастан) – **23-24 мм.**, ал ересек адамдар үшін – **23-30 мм-**ге тең болу керек.

ТІС ТАЗАЛАУ ӘДІСІ

Стандартты әдіс

- Тіс қатарын бірнеше сегменттерге бөледі: молярлар, премолярлар (егер болса), алдыңғы тістер (екі жағы);
- Тісті тазалау тіс қатары ашық күйінде жүргізіледі;
- Щетканы тіс қатары беткейінен 45 градус етіп ұстап тазалайды;
- Жоғарғы жақтың сол жағындағы тістердің ұрттық бетінен бастап тазалайды. Щеткамен 10-15 сыпырмалы (вертикальды) қозғалыстар жүргізеді, кейін басқа сегменттерге өтеді;
- Келесі молярлар мен премолярлардың шайнау беткейін тазалау – шайнау беткейін 10-15 рет алға-артқа бағытталған қозғалыстар арқылы тазалау;
- Төменгі жақтың тістерін тазалау да сол ретпен жүреді. 1-ші ұрттық, тілдік, сосын шайнау беткейлерін тазалайды.
- Күрек тістердің таңдайлық және тілдік беткейлерін тазалау үшін щетканы тіс қатарына перпендикулярлы етіп тазалайды;
- Тісті тазалау қызыл иек массажымен аяқталады. Тіс қатары жабық күйінде щеткамен солдан оңға қарай тісті және қызыл иекті қоса айналмалы қозғалыстар жүргізеді.



1. Наружные
поверхности
зубов



2. Внутренние
поверхности
зубов



3. Внутренние
поверхности
передних
зубов



4. Жевательная
поверхность
зубов



5. Массаж
десен




6. Чистка
языка

Тіс сықпасы

Қазіргі таңда тіс сықпалары кеңінен таралған ауыз қуысының жеке гигиенасының заты болып табылады. Ол тіс үгітпесінің жаңартылған нәтижесі.

3 негізгі топқа бөлуге болады:

- **гигиеналық** – тұрмыста жеке қолдануға арналған. Тісті тіс қақтарынан тазартады, ауыз қуысына жағымды иіс береді.
- **емдік- профилактикалық** – құрамында тіс жегісіне, қабынуға қарсы, сезімталдығын төмендететін, саңырауқұлаққа, микробқа қарсы және басқа да әсерлерін қамтамасыз ететін, әр түрлі қоспалары болады..
- **кәсіби** – емдік стоматологиялық мекемеде кәсіби қолдануға арналған.



Кәсіби гигиена -
тістер немесе қызылиек
асты, қызылиек үсті
шөгінділерді
механикалық және
физикалық тазарту
арқылы кариесті
жоятын және оның
алдын алатын шаралар
жиынтығы.





Кәсіби гигиенаны жүргізу кезеңдері:

- ❑ Науқасты кариеспен күресуге деген мотивация
- ❑ Науқасты жеке ауыз қуысы гигиенасына үйрету.
- ❑ Қызылиекасты немесе қызылиекүсті шөгінділерді тазалау
- ❑ Барлық тістердің беткейлерінің полировкасын жүргізу
- ❑ Тіс шөгінділерінің жиналуына алып келетін факторларды жою
 - ❑ Флюоризация



Кәсіби гигиенадан
бұрын :

- науқасты толық
қарап шығады
- Гигиеналық
индекстерді
анықтайды (СРІ,
РМА.)
- Алынған
мәліметтерді
науқастың жеке
картасына енгізеді.




Кәсіби гигиенаны жүргізу әдістері:

- I. Механикалық
- II. Физикалық
- III. Химиялық әдіс.



МЕХАНИКАЛЫҚ ӘДІСТЕ – ЭКСКАВАТОР, КЮРЕТ, ІЛМЕКТЕР, ЗОНД ЖӘНЕ ТАҒЫ БАСҚА ҚОЛДАНЫЛАДЫ.



ФИЗИКАЛЫҚ ӘДІС

Ультрадыбысты скалер – 1961 жылдан бері қолданылып келеді. Ультрадыбысты тіс тазалау тәсілі ультрадыбысты скейлер аталатын арнайы аппаратпен өткізіледі. Бұл рәсім эмальді зақымдамайды. Ультрадыбысты скейлер діріл тудырады да тіс тастарын шегіндіреді. Ал тазалап болған соң, тіске кәсіби паста жағылады да, ультрадыбысты тазалаудан кейінгі әсерді сақтап қалуға көмектеседі.





Ультрадыбысты тазалаудың артықшылығы – ол тасты тіс сыртынан ғана емес, қызыл иектің астында қалған бөлігінде жояды (ең қатты бөлігі). Сонымен қатар ультрадыбыс бактерияларға қарсы әсер қалдырып, тісті жұмсақ ағартады. Бірақ тәсілдің басты артықшылығы – тіс эмаліне қауіпсіз болуы. Керісінше, эмальдің сыртынан қатты екпін қабатын алып тастаса, ол пайдалы заттар мен микроэлементтердің оңай сіңіреді.



ЖҰМЫС ІСТЕУ ЕРЕЖЕСІ:

- Барлық құралдар стерильді;
- Скалердің ұштығының өлшемі мен ұзындығы қолданылатын периодонтальды зондтың өлшемі мен ұзындығына сай болуы керек;
- Дерееу қимылдардан аулақ болу керек;
- Инструментті ұстап тұратын қол міндетті түрде фиксирленген болуы тиіс;
- Қозғалмалы тістер сол қол саусақтарымен фиксирленеді.
- Көзді қорғайтын көзілдірік кию керек;
- Міндетті түрде пылесос қолдану керек.

AIR FLOW

Тіс шөгіндісін алу үшін ауалы-абразивті Air Flow құралы қолданылады. Абразивті қоспа ретінде әдетте дәмдеуіштер қосылған натрий бикорбонаты болып келеді. Су, ауа, ұнтақ наконечниктен қатты қысымның әсерінен ұшып шығады.

Жұмыс істеу ережесі:

- Тіс пен арақашықтығы 3-5мм болуы керек;
- Ұнтақты скалер ұшымен тіс беткейінің арасы 30-60 градус болу керек;
- Скалер ұшы қызыл иектен кесу қырына қарай бағытталады.
- Көзді қорғайтын көзілдірік кию керек;
- Міндетті түрде пылесос қолдану керек.

Тісті Air Flow технологиясы бойынша тазарту — эмальді тазартып оған табиғи түс беретін ең қауіпсіз заманауи әдістердің бірі. Тамақтанған соң тістің жылтыр қабығына қалдықтар кіріп табиғи түсінен айырады. Эмалдің түсін шәй, кофе, темекі өзгертеді. Шөгінділерде тіске залал келтіретін бактериялар бар. Өздігінен тісті тазалағанда оның бәрін кетіру мүмкін емес.





Химиялық әдіс

Кәсіби тіс тазалаудың химиялық әдісі **скалинг гелі** арқылы жүзеге асады. Оның құрамында тіс шөгінділерін жұмсартатын қышқыл бар. Тіс шөгінділері жұмсарғаннан кейін, арнайы ілмектердің көмегімен тіс шөгінділерін алып тастайды. Бұл процедураны қозғалмалы тістердің парадонтозы кезінде және кейбір жағдайларда балаларға қолданады.



ЛАЗЕР АРҚЫЛЫ ТІС ШӨГІНДІСІН ЖОЮ

Тіс беткейіндегі қатты шөгінділерді жоюға бағытталған заманауи әдіс. Процедураны орындау барысында специалист лазермен тістің жұмсақ тіндеріне тимей, тек тіс беткейіне әсер етеді. Лазерлік сәуленің әсерінен қатты шөгінділер өте ұсақ бөліктерге бөлініп, ауа ағымымен ауыз қуысынан жойылады. Бұл кезде тіс тасын емдеу контактты емес әдіспен өтеді. Сол арқылы пациентке инфекциялық аурулар жұқпайды. Мысалы: гепатит. Процедура соңында тіс беткейіне полировка жүргізеді. Лазер көбінесе иек асты тіс шөгінділерін алу үшін қолданылады.

Лазер арқылы тіс тасын алудың кері көрсетулері:

- жоғарғы тыныс жолдарының инфекциялары;
- жүрек патологиялары;
- қатерлі ісік;
- туберкулез, гепатиттер;
- ВИЧ;
- жүктілік;
- ерте балалық шақ (сүт тістердің болуы);
- Импланттардың, протездердің болуы;
- брекеттің болуы.



- Кәсіби тіс тазалауда қандай әдісті қолданса да міндетті түрде процедура соңында тіс беткейінің полировкасын жүргізу керек. Ол үшін профессионалды тіс пасталары, резиналы табакшалар, кисточкалар, щеточкалар қолданылады. Полировкадан кейін фторлак жағады.
- Тіс тасының пайда болу, болмауына қарамастан кәсіби тіс тазалауды орта есеппен жылына 1-2рет жасау керек.



ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, ауыз қуысының жеке гигиенасының негізі – тістерді дұрыс және үнемі тазалап отыру. Тісті күніне үш рет жуып тұрған абзал. Таңертең тұрған соң, таңғы астан кейін, кешке астан соң, ұйқы алдында. Себебі астан кейінгі қалдықтар тіс қуыстарында қалып қойған, тістің шіруіне алып келеді.

Ал, кәсіби гигиена - тістер немесе қызылиек асты, қызылиек үсті шөгінділерді механикалық және физикалық тазарту арқылы кариесті жоятын және оның алдын алатын шаралар жиынтығы болып келеді. Кәсіби тіс тазалау жылына 1-2 рет жүргізілуі тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- <http://lektsii.com/1-8486.html>
- Пахомов Г.Н. ”Первичная профилактика в стоматологии” – М.: Медицина, 1982
- <https://besmart.kz/kk/event/airflow-alexdent/>



• Назарларыңызға
Рахмет!

